

қасиеттерді өз бойына жинақтаған, хандық, елдік принциптерін бірінші орынға қойған хан образы осымен асқақ» [7, 153].

Қорытынды. Жазушы Ә.Кекілбаев бұл пьесасы да прозалық шығармалары тәрізді сәтімен дүниеге келген шығарма. Жанр шарттарын толық сақтаған. Жазушы бұл еңбегінде де тарихи тақырыпты жазу шеберлігінің жоғары екенін көрсеткен. *Ақыл мен жүрек, ерік пен сезім, құштарлық пен парыз, билік пен ар арасында үздіксіз дамып отырған Абылайдың ішкі жан дүниесіндегі тартысында жеңіс әрқашан халық алдындағы парыз, жігер, ақыл, ар жағында болады.* Осындай адамдық қасиеттерді өз бойына сіңіре білген, хандық, елдік мұраттарды бірінші орынға қойған хан бейнесі аса биік, асқақ. Сондықтан еліміздің театрларында қойылып келеді. Бұл пьесадағы түрлі бояулар, беймәлім терең астар пьеса мазмұнын байытып тұр. Бұл пьесаға әлі де алдағы уақытта әдебиетті теориялық тұрғыдан зерттеушілер мен өнертанушылар мұқият қараса көп қыртыс ашылары сөзсіз. Сонымен қатар талантты режиссер қолына түссе алдағы уақытта да табысты қойылым жасалары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 *Өтениязов С. Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы тарихи тұлғалар || Қазақстан тарихы. №12, 2015 ж.*
- 2 *Кекілбайұлы Ә. 12 томдық шығармалар жинағы, 6 том. – Алматы, Өлке, 1999. – 464 б.*
- 3 *Қирабаев С. Суреткер || «Егемен Қазақстан». №29. 24.07.2009*
- 4 *Каримова Г.С. Қазіргі қазақ драматургиясы және оны оқыту әдістемесі || Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация қолжазбасы. Алматы, 2016ж.*
- 5 *Есембеков Т.У. Функции драматизма в художественном тексте. – Алматы, Қазақ университеті, 2013. – 304 с.*
- 6 *Сұлтанова Б.М. Қазақ драматургиясы және оның сыны(1920 жылдар). – Алматы, 2017 - 208 б.*
- 7 *Солтанаева Е.М. Әбіш Кекілбаевтың «Абылай хан» шығармасындағы драматизм табиғаты || ҚазҰУ Хабаршысы. №2, 2015.*

Referenence:

- 1 *Öteniazov S. Äbiş Kekilbaev şyğarmalaryndağy tarihi tülğalar || Qazaqstan tarihy. №12, 2015 j.*
- 2 *Kekilbaiuly Ä. 12 tomdyq şyğarmalar jinağy, 6 tom. – Almaty, Öлке, 1999. – 464 b.*
- 3 *Qirabaev S.Suretker || «EgemenQazaqstan».№29. 24.07.2009*
- 4 *Karimova G.S. Qazirgi qazaq dramaturgiasy jäne ony oqytu ädistemesi || Filosofia doktory (PhD) дәrejesin alu üşin daiyndalğan disertasia qoljazbasy. Almaty, 2016j.*
- 5 *Esembekov T.U. Funksii dramatizma v hudojestvennom tekste. – Almaty, Qazaq universiteti, 2013. – 304 s.*
- 6 *Sültanoa B.M. Qazaq dramaturgiasy jäne onyñ syny(1920 jyldar). – Almaty, 2017 - 208 b.*
- 7 *Soltanaeva E.M. Äbiş Kekilbaevtyñ «Abylai han» şyğarmasyndağy dramatism tabiğaty || QazÜU Habarşysy. №2, 2015.*

МРНТИ 821.512.122

Сұлтанова Б. М. ¹

*¹ Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан*

КЕЙІПКЕР ӘЛЕМІ МЕН ОҚЫРМАН ШЫНДЫҒЫ АРАҚАТЫНАСЫ

Аңдатпа

Сіздердің алдарыңызға Мағзұм Тиесов шығармаларына арналған мақала ұсынылып отыр. Бұл мақалада жазушының «Молданың сырқаты», «Кәрі ақынның жас шағы» әңгімелері талданды. Жазушы әңгімелерін талдауда идеялық-көркемдік ерекшелігі айтылады. Шығармаға проблемалық-тақырыптық талдау жасау, жазушы тілі мен стилін анықтау аса маңызды. Мағзұм Тиесовтің «Молданың сырқаты», «Кәрі ақынның жас шағы» әңгімелері – қызық, мазмұнды, сөз өнерінің жақсы үлгілері болып табылады. Автор композиция құруда, әңгіменің тақырыбы мен идеясын анықтауда,

кейіпкерлерді сомдауда, тілдік құралдарды пайдалануда, поэтикалық қарымын, өзіндік стилін таныта алған әңгімелердің жанрлық ерекшелігі,

Әңгімелерді талдау барысында құрылымдық-семантикалық және салыстырмалы әдіс қолданылды. Осы әдістерді қолдану барысында жазушы әңгімелерінің жанрлық ерекшелігі, негізгі идея мен кейіпкерлер айқындалған. Мақалада жазушының шығармашылығы бүгінгі күн талабы тұрғысынан талданады.

Түйін сөздер: қазақ әдебиеті, әңгіме, сюжет, идея, кейіпкерлер, юмор, сарказм, жанр

Sultanova B.¹

¹ *Kazakh National Women's Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

RELATIONSHIP BETWEEN THE WORLD OF THE HERO AND THE REALITY OF THE READER

Abstract

This article is dedicated to the work of Magzum Tiesov, the stories “Moldanyn sirkaty”, “Kari agynnyn zhas shagy”. The article discusses the ideological and artistic features of the work. A significant place is occupied by the problem-thematic analysis of the work, determining the characteristics of the language and style of the writer. It is emphasized that the stories of Magzum Tiesov “Moldanyn sirkaty”, “Kari agynnyn zhas shagy” are an interesting, informative, artistically rich example of verbal art. It is indicated that the author when creating the composition, choosing the appropriate ideas and themes for the work, characters, description of the conflict, use of language Means demonstrates his style, poetic talent.

When analyzing the stories, the structural-semantic and comparative analysis methods were used. Using these methods, the genre features of the stories were revealed, the main character and idea were determined.

Keywords: Kazakh literature, story, plot, artistic idea, humor, sarcasm, genre

Сұлтанова Б. М.¹

¹ *Казахский национальный женский педагогический университет,
Алматы, Казахстан*

ОТНОШЕНИЯ МЕЖДУ МИРОМ ГЕРОЯ И ДЕЙСТВИТЕЛЬНОСТЬЮ ЧИТАТЕЛЯ

Аннотация

Данная статья посвящается творчеству Мағзұм Тиесова, рассказов «Молданың сырқаты», «Кәрі ақынның жас шағы». В статье рассмотрены идейно-художественные особенности произведения. Значительное место занимают проблемно-тематический анализ произведения, определение особенностей языка и стиля писателя. Подчеркивается, что рассказов Мағзұм Тиесова «Молданың сырқаты», «Кәрі ақынның жас шағы» - интересный, содержательный, художественно богатый образец словесного искусства. Указывается, что автор при создании композиции, выборе соответствующих идей и темы произведения, персонажей, описании конфликта, использовании языковых средств демонстрирует свой стиль, поэтический талант.

При анализе рассказов использовались структурно-семантический и метод сопоставительного анализа. С помощью этих методов были выявлены жанровые особенности рассказов, определены основной герой и идея.

Ключевые слова: казахская литература, рассказ, сюжет, художественная идея, юмор, сарказм, жанр

Кіріспе. М.Тиесов те – қазақ әдебиетінің, оның ішінде балалар әдебиеті мен көсемсөзінің дамуына өз үлесін қосқан шығармашылық тұлға. Шығармашылық қызметі ХХ ғасырдың 30-70-жылдарына тура келген қаламгер балалар әдебиетіне көптеген туындылар, атап айтқанда, повестер мен әңгімелер, ертегілер жазып, ол туындылар тұтастай бірнеше буынның бүлдіршіндеріне рухани азық болды. Оның қаламынан туған балалар тақырыбындағы шығармалары белгілі дәрежеде әдебиетіміздің үлгілі туындылары болып табылады. М. Тиесов «Жиделібайсын жерінде», «Дала

перзенті», «Шопан ата», «Қаз дауысты Қазыбек», «Бақытты бозтарғай» жинақтары арқылы балалар әдебиетіне үлкен табыс әкелді.

Сондай-ақ қаламгердің өлеңдері де сан алуан тақырыпты қамтып, поэзиядағы сыршылдықтың, азаматтық әуеннің жарқын мысалдарына айналғандығы айқын.

Шығармашылық жолын өлең жазудан бастағанымен, қаламгердің суреткерлік қарымы прозада танылды. М.Тиесов шеберлік мектебі саналатын әңгіме жанрында да едәуір еңбектенді. Әңгіме жанрының белсенді жанр екендігі қашаннан аян. Ол өзінің нысанасына үнемі көкейтесті мәселені алады. Қазақ әдебиетінде бұл жанр әсіресе елуінші жылдардың екінші жартысынан бастап жедел дамыды. М.Тиесовтің «Жиделібайсын жерінде» (1967) деп аталатын тұңғыш әңгімелер жинағы дәл осы кезеңде жарық көрді.

Әдістеме. Мақаланы жазу барысында жинақтау, талдау, талқылау, жүйелеу, салыстыру, салғастыру диахронды зерттеу әдістері пайдаланылды

Нәтижелер мен талқылаулар. Жазушының әңгімелері жөнінде Ғ. Мүсірепов, С. Қирабаев және басқа да көрнекті ғалымдар құнды пікірлер айтты.

Мағзұм Тиесов әңгіме, очерк, публицистикалық шығармаларындағы шиыршық атқан драматизм өткірлігі, характерлер тосындығы мен күрделілігі, логикалық, психологиялық қисындар иірімі мен мұңдалап, атойлап тұрады.

Осы орайда, академик Р. Нұрғалиевтың: «Жазушы кейіпкер келбетін сомдау үшін авторлық баяндау, персонаждың өткен күндерін еске түсіру, өзіндік сөздік сипаттама, басқалардың берген бағасы, психологиялық саралау, ой ағымы, диалог, монолог секілді көркемдік құралдарды мейлінше еркін қолдануы оның дарынын ұштайды. Қаһарман оңаша күйде, екеуара, топ ортасында, мәжіліс үстінде, әрекет-күрес басында, қолма-қол шайқаста, бір қуаныш, бір қайғыда,

Барлық болмысымен толық ашылып, оқырман назарына ілігеді. Яғни әрбір кейіпкердің мойнына жүктелген көркемдік мақсат, идеялық салмақ айқындала түседі» [1, 480].

Жазушы кейіпкері барлық уақытта «сүттен ақ, судан таза» болып келе бермейді. Адамға, пендеге тән не орнықты, не оғаш көрінетін мінез-құлықтардың, қимыл-әрекеттердің бәрі де Мағзұм Тиесов кейіпкерлерінің бойынан шым-шытырық, қым-қиғаш күйінде көрініс тауып жатады. Адамгершілікті, адал еңбекті, тоғышарлықты, пендешілікті, әділдікті, пасықтықты, әйтеуір, моральдық категорияға сәйкес немесе содан алшақ жататын жетістік-кемшіліктерді стандартпен ғана өлшейтін, соған дағдыланған кейбір оқырмандар үшін Мағзұм Тиесов шығармалары түсініксіздеу көрінуі мүмкін. Ал, шынтуайтына келіп, адамдар тағдырына, замандастар әрекетіне, оның табиғатына тән нәрселердің сыйымды-сыйымсыз, ұнамды-ұнамсыз үйлесімі бойынша назар аударсақ, Тиесов кейіпкерлері жандүниесінің әр алуандығы, тосындығы мен күрделілігін түсінуіміз қай жағынан болса да, өзін-өзі ақтай алады. Осы орайда, «Әке, бала, келін», «Шын жүректен», «Дүниеқор» әңгімелеріндегі Батыржан, Топай, Айранбай, Жылтыр, Майқы, Сылқым, Қасиет сияқты кейіпкерлердің мінез-құлқы, іс-әрекеті әрі тосын, әрі күрделі қалпымен-ақ оқырманын баурап алады. Тиесов туындыларының қай-қайсысында болмасын, кейіпкерлер шын адасып немесе шын жаза басып, шын күресіп, өз діттегеніне жетіп жатады. Бұлардың азаматтық болмысына да, күрескерлік девизінде де – адамдарға тән нәрсенің бәрі тән. Солай бола тұра, Мағзұм Тиесов кейіпкерлері өздерінің бітім-болмысындағы, ішкі дүниесіндегі, әлеуметтік әрекетіндегі саф тазалықты жоғалтпай, соның әрқилы ситуациядағы температурасының құдіретімен өмірдің тіршілік атты сан тарау керуенінде, әр тарапта сапар кешіп жатады.

Бұған «Алтын сақинадағы» – араб қызы, «Туған жердегі» – Әлі би, «Орыс орманындағы» – Иван карт пен Анна, «Молданың сырқатындағы» – Жамақай, «Табиғат құшағындағы» – Мұстафа, «Кішкене достардағы» – Қарашаш пен Алтыншаш, «Ержеткендіктегі» – Асаубайлардың логикалық-психологиялық тұрғыдан нанымды, ширақ, динамикалы шыққан тұлғалары- бейнелері дәлел. Жазушының осы кейіпкерлері адамгершілік-әлеуметтік полкостің әр қиырында жүргенімен, оқырмандарын өздеріне жанашыр ретінде қарайтын ұнамды жақтары мол-ақ. Бұлардың көбі өзгелерден де биік адамгершілік, еңбекқорлық, адалдық, қайырымдылық, сезімталдық күтеді. Сондықтан да олар көркемдік әрі өмірлік қолдау тапқан тұста жоталанып, іріленіп кетер болса, ал кедергі тауып, зымияндық, пасықтық құрығына түсе қалғанда күйініп, оқыс әрекеттерден тайсалмай кететін көзсіз ерлікке барып жатады.

Дәл осы көріністі, әрекетті белгілі сыншы Сайлаубек Жұмабеков былайша тарқатады: «Мұндай құбылыстың өзі кейіпкерлердің донкихоттығын елемеген, характер қалтарысына үңілмеген адамға пендешілік максимализм сияқты көрінуі мүмкін. Алайда осындай ерекшеліктерді жазушы өз кейіпкерлеріне өмірден дарытып, өмірлік шындықты көркемдік- шыншылдық дәрежесіне көтергенде,

көңілде күдік тудырмайды. «Қарапайым өмір қандай күрделі! Күрмеуі, құйтұрқысы көп өмір қандай қарапайым!», – деген тұжырымға еріксіз тоқтайсың» [2, 110].

Осы орайда, Мағзұм Тиесовтің «Дүниеқор», «Молданың сырқаты», «Аю ене, ынжық күйеу» фельетон, сықақ әңгімелерінен әлеуметтік-көркемдік салмағы артқан, ойлы да күрескер күлкіге, өмірлік қораш-қарапайым жайттардың өнерге айналған шынайы болмысына үнемі тап боламыз. Қай-қайсымыз болмасын жанашыр суреткердің жанашыр күлкісіне, шарапатты күлкісіне дән риза боламыз. Өйткені бұл арада біз Анатолий Луначарский сияқты ұлы сыншының «Жалпы айтқанда, күлкі әрқашан адамның күлкі етіп отырған нәрсесіне деген үстемдігін аңғартады, [4, 58] – деген тұжырымы дәл бір Мағзұм Тиесов фельетондарына арнайы берілген әділ де дербес бағадай көрінетінін жасырмаймыз.

О баста-ақ тоқсан торапты, қырық шиырлы адам мінезі мен құлқы, оның пейілі мен пиғылы арқылы әлеуметтік өмірдің қатпар-қатпар астарларына үніліп келе жатқан жазушы бұл фельетондарында да сол шығармашылық композициясынан бір елі тайған жоқ. Қайта, оны бұрынғыдан да ширықтырып, бұрынғыдан да ширатып жіберіпті. Адам жаны мен әлеуметтік қатпар астарларынан бұрынғыдан да өрісті, бұрынғыдан терең мән мағына тауыпты. Тағы да жазушы ол терең мән мен гәпті шым-шытырық оқиға, алыс-жұлыс арпалыстан емес, күнделікті қарапайым өмірден тіпті, керек десеңіз, қарабайыр тіршіліктің өзінен іздейді. Күрделі ой айту үшін күрделі композиция да, тіпті күрделі сөйлем де құрып жатпайды. Небір астарлы ойлардың өзін сізге соншалықты оңай ұғындырып, жеңіл қабылдатқызады.

Мәселен, «Молданың сырқаты» шығармасында жазушы кейіпкерлерін былайша мінездейді. Саудабай молда өліп, оның орнын баса қалған дүмше Жамақай бір-ақ күннің ішінде өтірік шарифат соғып, кісіміп, талтандап, жүре алмай қалады. Бүкіл айналадағы елдің өлім-жітімі бір өзіне қарап қалғаны оңай ма? Жамақай аз күннің ішінде көкірегі ісіп, айналасының бәріне аспандай қарап, көпсіп сөйлейтін болып алды. Біреу ауырып қалса, соған тезірек өлім тілейтін халге жетті. Жамақай дүмшенің осынау харам пиғылын автор былайша кескіндейді: «Оразаның енді үш күні қалған түні терезе қағылады. «Сәресіге шақырған біреу болар деп ойлаған Жамақай баяу оянды, марғау тыңдады.

– Молдеке, оу, молдеке?

– Ләббай, ләббай!

– Жаназаға шақырып жүрмін!

– Ау, уау, не дейсің, жарқыным?

Жамақай өзінің терезе алдына қалай барып қалғанын сезбеді.

– Жаназаға деймін. Жаназаға!

– Кімнің жаназасы? Кім опат болды?

– Ұмсынай, Ұмсынай! Ертең жұмада жамбасы жерге тиеді!

Ерлі-зайыптылар қараңғы үй ішінде «Алла әкпар» деп беттерін бір сипады. Бұған ілесе екеуіне де автоматша сақ еткен ой: «Қай Ұмсынай? Әлгі... әлгі той жасайтын Ұмсынай болар...»

– Асықпай, сәресіңізді ішіп-ақ аттансаңызшы, бір қыдырау жер ғой, тойып алсаңыз! – деп өтінді Жәмила еріне. Бірақ жамағатының өтініші Жамақайды кідірте алмады. Өйткені басқа молдасымақтардан бұрынырақ жетіп, өліктің жамбасы жерге тигенше бір құран шығарып үлгерген молданың сыбағасы салмақтырақ болатынын бұл «шашы ұзын, ақылы қысқа қатын» біле бермейтін.

– Иә, Алла! – деп Жамақай аттанды.

– Иләһи, жолыңыз болсын! – деп бәйбішесі оны қолтығынан демеді.

– Ай қандай қараңғы еді, адасып кетпеңіз, – деп ескертті әйелі.

Өлген адамның ауылын көзге түртсе көргісіз қараңғыда да тауып бара алатынына шүбәсіз сенетін Жамақай жауыр торыны тепеңдей жөнелді де, түн түнегіне сүңгіп кетті...» [3, 176].

Сөйтсе, дүние салған бай Ұмсынай емес, үрерге иті, сығарға биті жоқ, қисық кебіс кемпір Ұмсынай болып шығады. Түн қараңғысында өліп, өшіп асығыс жеткен Жамақайға лақ та тимейді. Автор әрбір персонажының басынан өткен-кеткенді ғана емес, олардың кескін-келбетін, бет-ажарына дейін суреттейді. Айталық мынау шығарма қаһармандарының бірі, жаназадан тышқақ лақ та тимей түнеріп, өзі аш, діңкелеп қайтқан Жамақайдың портреті: «Осы кезде Жамақай келіп, сыртта аттан түсіп жатты. Дәрет ұсатты ма, аз кідіріп, үйге кірді. Өзі ораза, өзі ұйықтамаған, өзі сәресі ішпеген, өзі суық тиген, өзінің жолы болмай қайтқан «мұқылда» қандай кейіп-кескін болушы еді. Қалтасында барын қартаға ұтқызып қайтқан адам сықылды, ұнжырғасы түсіңкі, қабағы қатыңқы, белбеуі босап кеткен, алқа-салқа, әдетте қарыны көтеріп тұратын қаптал шапанының алдыңғы өңірі ұзарып, төмен түсіпті. Онсыз да аласа маңдайы біреу үлкен балғамен ұрып жібергендей жапырыя қалыпты. Баяғыда

татар саудагерлері киетін шойын шөңке тәрізді тоқал бөркі қас пен құлақты жұтып, көзге таман төніпті. Тек тең бүйірлі және шоқ бүйірлі екі бет өз орындарында. Олары да болжырап, төмен сарыққанға ұқсайды. Бетпен бет бола біткен мұрынның танаулары бір нәрседен үріккендей делдиді. Мұрынның суы ма, ауыздың буы ма – таңқита қырған ұртқа тоқпақтай болып мұз қатыпты...» [3, 191].

Міне, Жамақай – осындай кісі. Жамақайдың портретінде оқырманның есінде қалып қоятындай детальдар баршылық. Мысалы, оның алау-далау шапаны, тоқал бөркі, балғамен ұрып жапырайтқандай бір уыс маңдайы, бетіне жабысқан мұрнының танаулары көз алдыңызға келіп тұра қалса, әбден сілекпесі шығып, ыңыранған дауысы көпке дейін құлағыңның түбінен кетпейді. Қалай дегенмен де, жазушы өз персонажының қимыл-қозғалысын, сыртқы және ішкі пішімін оқырманның көкейінде қалатындай етіп кестелеп береді. Сонымен қатар автор Жамақайдың пішініндегі кейбір штрихтарды статистикалық портрет күйінде емес, Бейімбет Майлин шығармаларындағыдай қимыл мен қозғалыс үстінде көрсетіп, оқиғаны жандандырып, құлпыртып жібереді.

Бұл жердегі басты мәселе жазушы талантының күшті жағы – адам мінезін, жеке образдар жасай білуі, оқиғаны бір арқауға өріп, композиция құруға келгенде қамшы салдырмайтындығы. Мысал үшін «ндегі жағымсыз кейіпкер-тәуіпті алайық. Психологиясына ескіліктің қалдығы мол сіңген, сырты сүйкімді, айлалы әрі әккі тәуіп тұрмыстың жеңіл жағына бой ұрып, көпшілікті түрлі ем-дом жасап алдап бағады. Әдебиеттегі осындай ескі мен жаңаның күресін дәл байқаған сыншы, академик Серік Қирабаев былай дейді: «Қазіргі дәуірдегі әдеби қозғалыстың ең басты ерекшеліктерінің бірі – қалам иелерінің творчестволық инициативасының, азаматтық белсенділігінің артуы десе болады. Бұл сипат осы дәуірде туған, әсіресе бүгінгі заман тақырыбына арналған шығармаларда көбірек байқалады. Жазушылар өзінің Отан, халық алдындағы жауапкершіліктерін сезініп, өмір шындығын ескі мен жаңаның күресі негізінде тереңдей көрсете бастады...» [6, 109]. Осы орайда, Мағзұм Тиесов жағымды кейіпкердің аузына сыры кеткен құрғақ ақыл салмай, оның қолына сатираның өткір құралын ұстатқан. Мұндай сәтті жаңалықты ескермеуге болмайды. Енді Болман ақынның зұлым тәуіпті қалай елден бездіргеніне тоқтала кетейік: «Әкем де бетімнен қақпады. Домбыра тартып ән саламын. Жүрген жерім – ойын-сауық, күлкі. Бір жылы ел жайлауда еді. «Ұлсызға ұл, қызсызға қыз беретін бір тәуіп келді, әулие» деген лақап дүңк ете қалды. «Үшкіргені ем екен, түкіргені дәрі екен. Екі рет дем салғанда, Төкебайдың тоқалының мұрны да тәуіп болыпты» десіп жүрді жұрт. «Арманыңды айтып береді, күнәнді көзіңе айтады» дегенге жұрт пірәдар болуға айналды. Ойын-сауық былай қалды. Ел қайда болса, ақын сонда. Әулие жатқан ауылға біз де келдік. Оңаша үй тігіпті. Ығы-жығы адам. Әулие тұрғанда, ақын адыра қалған сияқты. Ешкім бізді елең қылар емес. «Бұл үйде не намаз тұрар, не мен тұрармын», – деп Қожанасыр айтқандай, не әулие, не біз тұрармыз деген ойға келдік, өңшең жас жігіттер. Бір топ жігіт бас қосып ақылдасып едік, біреулері әулиенің атын сойып тастайық десті, біреулері жұрттан алған ақшасын құртайық десті. Ақырында, келіншек болып, әулиенің қасына түнеуге келістік. Кім келіншек боладыға келгенде, біз бүлдіріп аламыз, сақал-мұртың да жоқ өзің бол деп, бәрі маған жалынды. Бол дегенде болмайтын несі бар. Бір үйге келіп, ұзын көйлек пен кимешекті киіп жіберіп, әдемі келіншек болдым да шықтым. Мұны білген қыз-келіншек біздің соңымызда. Ел жатты. Жұрт аяғы басылды. Бірақ әулие жатқан үйден адам арылар емес. Ең ақырында кезек маған келді.

– Бері кел, мүсәпірім, берегірек, – деп әулие мені мүсіркеп қасына шақырды. Таяу келіп, төмен қарап отырдым. «Бұл бақыр не тілекпен келді екен, ә», деп пірімен сөйлескен адамша өзі күбірлеп отырды да, қай жерім ауыратынын сұрады. Тамырымды ұстай бастады. «Еш жерім ауырмайды, әншейін бала көтермей... тамырымды ұстатайын деп...» Аяқ жағын айта алмай, тағы да төмен қарадым.

– И-и-и, пақыр-ай, жап-жас қана көгершінім екенсің. Болар бала, болар. Пірім жар болса, болар, – деп иегімен қағып-қағып қойды. Екі қолымен алақанымды уқалап, ішіп-жеп барады. Демалысы жиіленіп, аузына басқа сөз түспей: «Пірім жар болса, пірім жар болса», – деп біраз отырды да, «Енең жіберді ме, ерің жібереді ме?» – деді әулие бір кезде. «Екеуі де «бар-бар» деп болмағаны...» деп томсырадым. «Қандай жақсы адамдар еді. «Пиғылдарың пәк екен, өзің ықыласты болсаң, пірім жар болса, – деп мені өзіне тартып құшақтай бергенде, сыртта сығалап тұрған жігіттер қатты күліп жіберді. Әулие «сұбхан алла», – деп жан-жаққа қарады. Мен зыта жөнелдім.

Ертең жылқы келісімен, әулие тайып отырды. Жұрт қырылып күліп жатыр.

Сол жылы, сол жайлауда су сепкендей болып басылып қалған ойын-сауыққа жолды осылай бір ашып едік». Міне, біз көлемі біршама болса да, Болман ақын мен сұрқия тәуіптің шарпысуларынан хронология сақтай отырып, жоғарыдағы бірталай мысалдарды саналы түрде, әдейі мол келтірдік.

Мағзұм Тиесов шығармаларының бойындағы көркемдік ажар-әрдің қарапайымдылығы мен күрделілігінің тамыры осында жатыр. Автордың суреткерлік стиль-машығын айқындайтын басты сипаттар да – осылар. Сондықтан болса керек, кейде уытты мысқылға (иронияға) ұласатын жып-жылы юморды, болмаса кейде шарықтаған әсірелеуге (гротескіге) айналып кететін сатиралық элементтерді қаламгер туындыларының тұла бойынан мол ұшыратамыз. Мысалы, «Осы бір алыстағы ауылдың шеткі көшесіндегі жерге жабысқан соқыр терезелі үйге көктем де әсер етпеді. Үй қожасы Жамақай күнді сүймейтін. «Біреу өлмей, біреу күн көрмейді» деп Саудабай молда өлгелі Жамақай жатқа білетін аят, сүрелер маңырап тұрған мал болып алды. «Құл-қуалласы» – қой, «алхамдилләсі» – ақша болғалы, жап-жас Жамақайды еңбек атаулыдан бездірді. Ораза молданы бордақылайтын ай ғой. Дегенмен Жамақайды жүдетіп шығаратын үйлер де көп» [3, 171].

Қорытынды. Мұның басты мақсаты – юмор араласқан шынайы көркем әңгіменің ерекше ықыласпен оқылатындығы, сонымен қатар Мағзұм Тиесовтің суреткерлік түйсік-танымын қапысыз танытатынын аңғарту. Екіншіден, сол кездегі ең көркем юмордың қандай дәрежеде көрініс тапқанын саралау. Үшіншіден, сол кездегі сарказммен киюласқан көркем әңгіменің әлеуметтік-рухани өткірлігін, принциптілігін, суреткер Мағзұм Тиесовтің қаламгерлік таланты мен болмысын көз алдымызға бар болмысымен көрсету.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. – Астана, Күлтегін, –2002. – 528 б.
- 2 Жұмабаев С. Таңдамалы шығармалары. – Алматы, Ан-арыс, 2008. – 1-т.– 288 б.
- 3 Тиесов М. Молданың сырқаты // Қазақ әдебиеті. – 1961. – 14 апрель
- 4 Луначарский А. Художественный образ и действительность // Теория литературы, изд. Ан СССР. – 1962. – 58 с.
- 5 Қирабаев С. Әдебиет және дәуір талабы. Сын мақалалар мен зерттеулер. – Алматы, Жазушы, 1976. – 300 б.
- 6 Тиесов М. Дала перзенті. Повесть, әңгімелер, ертегілер - Алматы, Сөздік-словарь, 2005 - 392 б
- 7 Тиесов М. Жиделібайсынжерінде. Әңгімелер мен очерктер жинағы. – Алматы, Қазмемкөркемәдеббас, 1959. – 144 б.
- 8 Discourse: Leader and the Modern Literature\\ Revista de Ciencias Humanas y Sociales (UNIVERSIDAD DEL ZULIA) №89, (2019)

Referenence:

- 1 Nūrǵali R. Qazaq ädëbietiniñ altyn ğasyry. – Astana, Kültegin, –2002. – 528 b.
- 2 Jūmabaev S. Tañdamaly şyğarmalary. – Almaty, An-arys, 2008. – 1-t.– 288 b.
- 3 Tiesov M. Moldanyñ syrqaty // Qazaq ädëbieti. – 1961. – 14 april
- 4 Lunacharski A. Hudojestvennyi obraz i deistvitelnöst // Teoria literatury, izd. An SSSR. – 1962. – 58 s.
- 5 Qirabaev S. Ädëbiet jäne дәuir talaby. Syn maqalalar men zertteuler. – Almaty, Jazuşy, 1976. – 300 b.
- 6 Tiesov M. Dala perzenti. Poves, äñgimeler, ertegiler - Almaty, Sözdik-slovär, 2005 - 392 b
- 7 Tiesov M. Jidelibaisynjerinde. Äñgimeler men ocherkter jinağy. – Almaty, Qazmemkörkemädebbas, 1959. – 144 b.
- 8 Discourse: Leader and the Modern Literature\\ Revista de Ciencias Humanas y Sociales (UNIVERSIDAD DEL ZULIA) №89, (2019)

МРНТИ 17.82

Тебегенов Т.С.,¹ Есіркепова Г.Е.,² Айтимов М.К.³

^{1,2} Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

³ Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қызылорда, Қазақстан

АБАЙТАНУ – ҚАЗАҚ ӨРКЕНИЕТІНІҢ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫ

Аңдатпа

Бұл мақалада Абай дүниетанымының қазіргі заманғы философия, педагогика, психология, мәдениеттану, әлеуметтану (социология), саясаттану (политология) ғылымдарымен сабақтастығын